

«АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ
«BILIM QAZYNA» КММ
№35 «Балбұлақ» балабақшасы МКҚК

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ
2025 жылғы «14» _____
№ _____ бұйрығымен
БЕІТІЛДІ



«Театрға саяхат»

бағдарламасы

(Ортаңғы, ересек, мектепалды топтар)

Ақтөбе, 2025 жы



«Театрға саяхат» бағдарламасы мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілетін дамытуға арналған «Театр балалар көзімен» бағдарламасы негізінде жасалған (әдістемелік құрал. Алматы, 2019 ж.) Бағдарлама 3-5 жас аралығындағы балаларға арналған.

Құрастырғандар: М.С. Ермаганбетова меңгеруші «екінші санатты басшы», Ж.С.Нургалиева әдіскер «педагог-сарапшы», З.Е.Ешмагамбетова «педагог-сарапшы» тәрбиеші


Пайдаланушы: тәрбиеші маманы.

№35 «Балбұлақ» балабақшасы МКҚК педагогикалық кеңесі отырысында «Театрға саяхат» бағдарламасы талқыланды.

Хаттама №1

«25» 08 2025 жыл

№35 «Балбұлақ» балабақшасы МКҚК меңгерушісі: М.С.Ермаганбетова




Қалалық сараптау комиссиясының отырысында «Театрға саяхат» бағдарламасы талқыланып, бекітілді.

Хаттама №


1

2025 жыл

Сараптау комиссиясының төрайымы:



Жосолданаев



№35 «Балбұлақ» балабақшасы МКҚК «Театрға саяхат» бағдарламасына

Пікір

Балаларға театр өнерінің қыр-сырын таныстыру, сахналық мәдениетті бойына сіңіру, шығармашылық қабілеттерін дамыту – бүгінгі таңда мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің маңызды бағыттарының бірі болып отыр. Осы орайда "Театрға саяхат" атты 72 сағаттық оқу бағдарламасы өзінің мазмұны мен құрылымы жағынан ерекше мәнге ие.

Бағдарламада балалардың жас ерекшеліктері ескеріліп, әр сабағы қызықты, баланың ойын және қиялын дамытуға бағытталған. Әр бөлімде театр өнерінің әртүрлі элементтері: мимика, пантомима, дауыс қою, сахнада өз-өзін ұстау, кейіпкер рөлін сомдау сынды дағдылар жүйелі түрде беріледі. Сонымен қатар, бағдарламаның практикалық бөлімінде сахналық қойылымдар арқылы балалардың тіл байлығын арттыру мен шығармашылық ойлауын дамыту қарастырылған.


Бағдарламада ойын арқылы оқыту әдістері басым қолданылған, бұл өз кезегінде балалардың қызығушылығын арттырып, белсенділігін жоғарылатады. Әр сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдер баланың жан-жақты дамуына ықпал етеді.

Оқу жылы бойы бағдарлама бойынша жүргізілген жұмыстар нәтижесінде балалар еркін сөйлеуге, өз ойын ашық жеткізуге, топ алдында қысылмай сөйлеуге үйренеді. Бұл олардың алдағы мектеп өміріне де жақсы дайындық болмақ.

Қорытындылай келе, "Театрға саяхат" бағдарламасы – балалардың шығармашылығын арттыруға, эстетикалық талғамын қалыптастыруға, сөйлеу мәдениетін дамытуға бағытталған тиімді, мазмұнды бағдарлама деп есептеймін.

Пікір жазған:

Ақтөбе облыстық әдістемелік
орталығының бөлім басшысы, п.ғ.магистрі

 С.О.Жубаева

Түсінік хат

Бағдарлама балаларға театр өнері туралы түсінігін қалыптастырады. Театрдың не екенін біледі (сахна, актер, көрермен, қойылым т.б.). Театр ережелерімен танысады (тыныш отыру, қошемет көрсету т.б.). Әр сабақта қимылды ойын, ертегі кейіпкерлерін сомдау, дыбыспен жұмыс, маска, қуыршақ қолдану – басты құрал болып табылады. Бағдарлама 72 сағатқа, аптасына 2 рет, ұзақтығы 25-30 мин. жоспарланған.

Мақсаты: Ертегі кейіпкерлерін сахналау арқылы олардың шығармашылық және сөйлеу қабілеттерін дамыту.

Өзектілігі: Ертегі мазмұнын түсініп, кейіпкерлерді дауыс ырғағы, қимыл, мимика арқылы сомдауға үйрету. Сөйлеу мәдениетін дамыту (көркем, мәнерлі сөйлеу дағдыларын қалыптастыру). Балалардың қиялын, есте сақтау қабілетін, қимыл координациясын жетілдіру

Міндеттері:

1. Театрлық қойылымдарды көру және талдау арқылы эстетикалық талғамын қалыптастыру;
2. 3–5 жас аралығындағы балалардың театр өнері туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру. Шығармашылық ойындар, сахналық көріністер арқылы топпен жұмыс істеу, ынтымақтастыққа үйрету.
3. Балаларды сахнада өзін-өзі еркін ұстауға, рөлге ене білуге, көркем ойлай білуге баулу. Эмоциялық-эстетикалық сезімдерін тәрбиелеу, көркемдік талғамын арттыру

Бағдарлама бойынша балалар нені меңгеру керек: Шығармашылық қабілеттері дамиды: Рөлдік ойындарға қатыса алады. Қарапайым сахналық қойылымдарға қатысып, кейіпкер бейнесін сомдай алады. Әртүрлі эмоцияларды көрсетуге, дауыс ырғағын өзгертуге машықтанады.

Күтілетін нәтижелер:

1. Балалардың театр өнері туралы түсінігі қалыптасады: Театрдың не екенін біледі (сахна, актер, көрермен, қойылым т.б.). Театр ережелерімен танысады (тыныш отыру, қошемет көрсету т.б.).
2. Тіл байлығы мен сөйлеу мәдениеті артады: Кейіпкерлердің сөздерін жаттап, мәнерлеп айтып береді. Өз ойын еркін жеткізе алады, диалогқа түседі.
3. Эстетикалық және көркемдік талғамы қалыптасады: Киім, декорация, музыка арқылы өнерді бағалауға үйренеді. Театрға бару арқылы көркем өнерге қызығушылығы артады.
4. Қоғамдық-әлеуметтік дағдылары дамиды: Бірлесе жұмыс істеуді үйренеді (топпен дайындық, қойылым жасау). Өзара сыйластық, достық, көмек көрсету сияқты құндылықтар қалыптасады.
5. Өз-өзіне деген сенімі артады: Көпшілік алдында сөйлеуге, өзін-өзі көрсетуге батылданады. Жаңа рөлдер арқылы өзін түрлі қырынан таниды.